

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ!



ТІЛҰРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№32
(2307)
Жұма
9 мамыр
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Қадірлі жерлестер!

Құрметті соғыс ардагерлері,
тыл еңбеккерлері!

Баршаңызды Ұлы Жеңістің
80 жылдығымен шын жүректен
құттықтаймын!

Отан үшін отқа түскен
батырлардың биік тұлғасын
ардақ тұтып, есімдерін есте
сақтап, тағзым ету – бүгінгі
ұрпақтың парызы.

Өздеріңізге белгілі, сұрапыл
соғысқа 1,5 миллионнан астам
қазақстандық аттанып, соның
тең жартысы қан майданнан
қайтпады. Тылда миллиондаған
адам «Бәрі де Жеңіс үшін!», - деп
бел шешпей еңбек етті.

Ал, Қазалы жерінен Ұлы Отан
соғысына аттанған 11 мыңға
жуық адамның тек 6 мыңы ғана
туған жерге оралды. Жыл өткен

сайын майдангерлеріміздің
қатары азайып, бүгінгі күнде ау-
данымызда Ұлы Отан соғысының
бір ғана ардагері - Тілеуберген
Тобабергенұлы ағамыз ғана ор-
тамызда қалды. Ғасыр жасаған
құрметті қарияға тағзым етіп,
ерлігіне бас иіп, зор құрметпен
қараймыз!

Тәуелсіздік тұғырының берік,
еңсеміздің биік болуы, өңіріміздің
өркендеуі мен еліміздің гүлденуі
– осынау мерекенің жемісі.

Бүгінгі мерекеде
ардагерлерімізге мықты
денсаулық, жас ұрпаққа жарқын
болашақ, еліміз бен жерімізге
бейбіт өмір тілеймін.

Жеңіс күні құтты болсын!

Құрметпен,
Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек ШЕРМАҒАНБЕТ

СОҒЫСТЫҢ КӨЗІ ТІРІ САРБАЗЫ ТІЛЕУБЕРГЕН ТОБАБЕРГЕНОВ – 101 ЖАСТА



Калининград қалас-
ын азаттудегі
шайқастардың бел
ортасында болған.
Ұлы Жеңісті Бер-
линде қарсы алып,
елге 1947 жылы
оралған.

Батыр ата-
мыз соғыс
жылдарындағы
ерлігі үшін
I-дәрежелі «Отан
соғысы» орденімен,
«Берлинді азат
еткені үшін», «Гер-
манияны жеңгені
үшін», «Жуков»
медалі және
басқада на-
градалармен
марапатталған.

Тілеуберген Тобаберге-
нов ақсақал ауданымыздағы
соғыстың көзі тірі жалғыз
сарбазы. Ол 1924 жылдың 1
қаңтарында Басықара елді
мекенінде дүниеге келген.
1942 жылдың қаңтар айын-
да қызыл әскер қатарына
шақырылған. Ұлы Отан
соғысына бастан аяқ
қатысып, Белоруссияны,
Польшаны, Чехословакияны,

өмірде Қазалы теміржол
әскерилендірілген күзет
мекемесінде, №86 жылжы-
малы механикаландырылған
колоннада жемісті, абырой-
лы еңбек еткен.

Ғасырдан артық ғұмыр
кешкен қария бүгінде аудан
халқының ардақтысы ата-
нып, халықтың бейбіт өмір
сүруіне тілекші болып отыр.

ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Аудан әкімі Мейрам-
бек Шермағанбет Әйтеке би
кентіндегі тыл ардагерлерінің
шаңырағына арнайы барып, Мем-
лекет басшысының Жарлығы
бойынша берілген «Ұлы Отан
соғысындағы Жеңіске 80 жыл»
мерекелік медалін табыста-
ды. Сонымен қатар, аймақ бас-
шысы Нұрлыбек Нәлібаевтың
арнайы құттықтауын жеткізіп,
мерекеге орай сый-құрмет
көрсетті. Олардың қатарында
сұрапыл соғыс кезінде тыл-
да аянбай еңбек етіп, жеңісті
жақындатуға үлес қосқан 89
жастағы тыл ардагерлері:
Қаным Құрманбаева мен соғыс
кезеңінен кейін 45 жыл бойына
білім саласында қызмет еткен ар-


дагер Нұрбек Шакенов бар.

Аудан басшысы соғыс жыл-
дарында Жеңісті жақындатуға
тыл еңбеккерлерінің ерен
үлес қосқанын жеткізіп, тыл
ардагерлеріне өңірдің дамуына,
өскелең ұрпақты тәрбиелеуге
қосқан елеулі үлестері үшін
алғысын білдірді. Сондай-ақ,
мерекелік медаль мен арнайы
құттықтауларды табыстады.

Өз кезегінде ардагерлер де ел
Президенті мен аймақ басшысына
және де мерекеде сый-құрмет
көрсетіп келген азаматтарға
шынайы ризашылықтарын
жеткізіп, ақ баталарын берді.

Қазалы ауданы
әкімдігінің
баспасөз қызметі

БЕРЛИНДЕ ЖЕҢІС ТОЙЫН ТОЙЛАҒАН



Қуанғали Әжімағанбетов Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының тумасы. 1902 жылы дүниеге келген. Төңкеріс жылдары, 1918 жылы оның отбасы Қазалыға қоныс аударады. 16 жастағы жалындаған бозбала революциялық комитетке мүше болып қабылданып, кейін саяси жұмыстардың бел ортасында жүріп шыңдалады. Кеңес Одағы кезіндегі колхоздастыру науқанында Сырдың сол жағалауындағы ауылдардың отырықшылыққа бейімделіп, егін егіп, мал шаруашылығымен айналысу жұмыстарын ұйымдастырып, белсенділік танытқан.

Неміс-фашист басқыншылары Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасағанда қызмет пен еңбекте ысылған,

белсенді азаматтардың алдымен Отанды қорғау үшін майданға алынғаны белгілі. Солардың қатарында колхоз құрылысының ардагері, үш баланың әкесі, 39 жастағы атпал азамат Қуанғали Әжімағанбетов отбасы, ағайын-туыстарымен қоштасып, аман келуді нәсіп етсін деген ақпейілмен майданға аттанып кете барды.

От жалынмен, бораған оқтың ортасында жаумен шайқасу қайдан оңай болсын. Әр күн, сағаттың өзі қатерлі. Оның үстіне қасындағы майдандас досыңнан қас-қағым сәтте айырылу жүрекке салмақ салып, жаныңды жаралайды. Әйтсе де соғыстың заңы қатал. Не өлім, не өмір үшін арпалысқан кіші сержант Қуанғали Әжімағанбетовте майданда жау оғынан екі рет ауыр жараланды. Өмірде көрер жарығы бар екен. Екі ретте де госпитальда емделіп, қайта сапқа тұрды. Қайта соғысқа араласты. 1944 жылы Қуанғали аға құрамында бар батальон жаудың қоршауында қалып, қияң-кескі жан төзгісіз соғыстан санаулы жауынгер ғана қоршауды бұзып шығып, жан тәсілім етіп алға жылжи жүріп, Кеңес Армиясының басқа құрамына қосылады. Санаулы адамның жау қоршауын бұзып шыққанынан хабарсыз полк командирі баталон жауынгерлерінің барлығы қаза тапты деп ойлайды. Олардың Таллин қаласы маңында жерленгеніне кәміл сенеді.

Майданда қаза тапты деп әскерилер есепке алған қазалылық жауынгер Қуанғали Әжімағанбетов басқа әскери құраммен бірге Еуропаның майдан жолдарын жаяу кесіп өтіп, Берлинде жеңіс тойын тойлайды. Жеңістен кейін әскерде қалдырылып, комендатурада бір жыл қызмет етіп, 1946 жылы елге оралады.

Сұрапыл соғыстың тірі куәсі, сақа жауынгер Қуанғали Әжімағанбетовті жерлестері мен туған-туыстары, жан-жары Айша Өмірзаққызымен екі ұлы, қызы шат-шадыман қуанышпен қарсы алады. Аман-есен келгеніне шүкіршілік етіп, Аллаға тәубе етеді.

Майдангер азамат елге оралған соң ауыл тұрмысының жағдайын, елдегі күн көрістің қиындығын аңғарып, аңдап, халық еңсесін тіктеп, шаруашылықты қалпына келтіру өзіндей жауынгерлердің ғана қолынан келетініне сеніп, шаруашылық жұмыстарына белсене араласты. Басшылық ауыл шаруашылығының қай саласына жұмсаса да қиындықтан бас тартпады. Егін егіп, мал өсірудің басы-қасында жүріп, өнімге қол жеткізуге ұмтылды. Зайыбы мен үш перзентінің амандығына, тамағының тоқ болуына жауапты екенін ойлап, қай істе де жауапкершілік танытты.

Жылдар өте ел тоғайды. Жеңістің қадірін әрбір отбасы, сыңарынан айырылған жесір аналар да сезіне бастады. Бозбала балалар есейіп, ел кәдесіне жарады.


Майдан сарбазы еңбектің алдыңғы шебінде белсенді еңбек етуімен қатар зайыбы Айша екеуі ұрпақ тәрбиесіне, олардың білім алуына мән бергенін ерекше атап айтуға болады. Соның нәтижесінде үлкен ұлы Мұқанбетжан Қуанғалиев жоғары оқу орнын бітіріп, елге оралып, қаржы мекемелерінде басшылық қызмет атқарып, со-вхоз партия ұйымының хатшысы қызметінде ауданның саяси өміріне араласқанын жақсы білеміз. Аға өнегесінен үлгі алған інісі Мүбәрәк Қуанғалиев «Өркендеу» совхозында егінші болып еңбек жолын бастап, бақша бригадасының бригадирі, гидротехник қызметтерін атқарған ауылдастары арасында абыройлы азамат. Қызы Бибіжамал сегіз баланы өнегелі етіп тәрбиелеп өсірген ардақты ана.

Майдангер азамат Қуанғали Әжімағанбетов 1972 жылы зейнет демалысына шығып, балалары мен немерелерінің қызығына кенеліп, 1986 жылы дүниеден озған. Қаһарман жауынгерге Әйтеке би кентінен көше аты берілсе деген ұрпақтарының тілегі бар.

Бүгінде соғыс ардагерінің немерелері де шаруашылықтың түрлі салаларында абыройлы қызмет атқарып, ата есімін асқақтатуда. Осы мақаланың жазылуына да себепші болған Қуанғали ақсақалдың немерелерінің бірі - «Өркендеу» ауылдық округінің әкімі Қожахмет Қуанғалиев.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

СҰРАПЫЛ СОҒЫСТЫҢ САРБАЗЫ



Жұмат Рашұлы Рашев сұрапыл соғысқа қатысып, жеңісті көрудің куәсі болған.

Жұмат Рашұлы 1924 жылы 9 мамырда Жаңақазалы қыстағында дүниеге келген. Білімі жеті-ақ класс болғанымен жас кезінен алғыр бозбала өз бетінше білімін жетілдіріп, оқып, жазуға машықтанған. Әкесі Раш он саусағынан өнері тамған зергер ұста болған екен. Ол шолпы, ожау, қыз-келіншектерге білезік, сырға, тағы басқа бұйымдар жасап елге белгілі болған. Анасы Барша да тоқу, тігу өнерімен айналысып, ба-

лаларын адал, еңбекқор етіп тәрбиелеп өсірген. Отбасында төрт ер бала, екі қыз тәрбиелеп барлығын үйлі-баранды еткен.

Жұмат Рашұлы жетінші класты бітіргеннен кейін үй шаруасымен айналысып жүргенінде Ұлы Отан соғысы басталып, Отанды қорғау жолында әскерге шақырылып, 1942 жылы Ашхабадта болып, соғыс өнерінің қыр-сырын үйреніп, сонымен бірге кіші лейтенант шенін алады. Лейтенант атағын алғаннан кейін № 517 атқыштар дивизиясының карамағында жасағымен қиын жерде шешім шығарып, батылдык, жеңіске деген жігер көрсетеді. Және оқу мен әскери дайындықта ол өзінің тәжірибесін қатарластарына үйретіп, жауынгерлерден әскери тәртіпті қатаң талап еткен.

Күнделікті және аянбай істеген еңбектің нәтижесінде бөлімшесі әскери дайындықта батальон жауынгері арасында бірінші орын иеленеді. Әсіресе, Прибалтика майданындағы кескілескен ұрыста жау қоршауын бұзып өтіп, Украина майданында Литваны, Эстонияны азат етуге қатысып, «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

1945 жылы жауынгерлері

И.И.Людниковтың №53 армиясының қатарында Жапон самурайларына қарсы соғысқа араласады. Қияң-кескі шайқас болып, қаншама боздақтар мерт болған. Әйтсе де соғысқа сақадай сай әзірленген жапон әскерлері басып алған жерлерді азат етуде Кеңес жауынгерлері жанқиярлық танытып, соғыс тактикасын жете меңгергендерін көрсете білген. Әсіресе, жауынгерлерді ашындырғаны шектен тыс жапондардың қаталдығы, айуандығы, мейірімсіздігі болатын.

1945 жылы 15 тамызға дейін елді жаудан азат етіп, «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Сондай-ақ II дәрежелі Отан соғысы орденін кеудесіне тақты және Германияға қарсы Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін медальдармен марапатталған.

Әскери міндетін абыроймен атқарған жеңімпаз Жұмат Рашев 1947 жылы елге оралып, Локомотив депосында машинист болып еңбек еткен. Жүк тасымалдау пойызын межелі жерге уақытылы жеткізіп, май үнемдеуде машинистерге үлгі бола білген. Қатарлас жүрген жолдастарына, інілеріне ақылын айтып, өзінің тех-

никаны басқару әдістерімен бөлісті. Коллектив ортасында беделді, ұстамды, ақылшы аға бола білді.

Жұмат Рашев 1949 жылы өмірлік жары Нәзирамен көңіл қосып, отбасын құрып, бес бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы білім алып, әр салада еңбек етіп, ұрпақтарын өсіріп, бақытты өмір сүруде.

Үлкен қызы Жанымкүл Ү.Түктібаев аулында, Құрманкүл ұстаз, Нағима Тараз қаласында жеке кәсіпкер, Ұлбосын «Балдырған» балабақшасында тәрбиеші, ұлы Айбосын Ыбырай Алтынсарин атындағы №204 мектебінде ұстаз.

Жұмат ақсақал өз ұрпақтарынан көрген немере, шөберелерінің ұзақ өмір сүріп, енді еш уақытта соғыс өрті болмасын деп тілегін білдірген болатын.

Биылғы 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесі. Осы мейрамда қан майданда елді жаудан қорғау үшін жан аямай соғысқан майдангерлерді еске алып, олардың рухына құран бағыштап, майдангерлердің жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын, - демекпіз.

Жеткербай МАХАМБЕТ

ЕШКІМДЕ, ЕШҚАШАН ДА ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Соғыс және еңбек ардагері Қалдан Ерімбетов 1923 жылы қазіргі Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев аулында дүниеге келген. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1942-1944 жылдары №292 атқыштар

полкында қызмет атқарды. 1943 жылы «Курск иініндегі» сұрапыл шайқасқа қатысып, ерлігімен, табандылығымен қаруластарының құрметіне бөленді. Туған жерін қорғаудағы шайқаста үш рет ауыр жарақат алып, елге оралып, ұзақ уақыт ем алады. 1944 - 1966 жылдары «Дихан» мектебінде мұғалім болып жұмыс атқарды. 1966 - 1973 жылдары аралығында Ғ.Мұратбаев атындағы №91 мектептің директоры қызметін өмірінің соңына дейін атқарған. Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» және еңбектегі жетістіктері үшін «Октябрь революциясы» орденімен марапатталған. «Ерен

еңбегі үшін», «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 20 жыл», «КСРО қарулы күштеріне 50 жыл» мерейтойлық медальдардың, «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісінің иегері. Қалдан Ерімбетов ағамыз бейбіт өмірде Ұлы Отан соғысының ардагерлері: Мұса Бакиев, Қожахмет Айтереев, Пірәлі Аймағамбетов, Ермат Ізтілеуов, Қалабай Махамбетовтермен қызметтес болғанын ерекше айтуға тиіспіз. Біз осындай ірі тұлғалардан білім мен тәрбие алып өскен едік. Сондықтан Ұлы Отан соғысының 80 жылдық мерейтойына орай ағаты ардагерлерін еске алып, тағзым етеміз.

Серік ДӘУІТОВ,
зейнеткер ұстаз

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Маханбетжан Тілеуқабылов 1904 жылы Қызылорда облысы, Аралауданы, «Ақирек» ауылдық советіне қарасты «Құмбазар» елді мекенінде дүниеге келген. 1942 жылдың жазында Қазалы әскери комиссариатынан соғысқа аттанған. Алматы қаласында 2 ай дайындықтан өтіп, Украинаның Мелитополь қаласын жаудан азат ету майданына араласады.

Мелитополь қаласын 1941 жылы Германия армиясы басып алып, коммунистер мен комсомол жастарын қамауға алады.

Фашистік саясаттың негізінде Мелитополь қаласында Совет әскерилері мен жергілікті тұрғындар үшін концлагерлер мен түрмелер салынған.

Украиналық Рейхскомиссариат 6 генералдық округке бөлінсе, Мелитополь қаласы соның бірінің орталығы болған.

1943 жылдың басында қызыл армияның соққысының бетін қайтарған немістер Азов теңізінен Фин шығанағына дейінгі аралықта Пантера – Вотан қорғаныс шебін орнатқан.

Бекіністің ең мықты бекітілген аймағы Молочной өзенінің төменгі ағысында орналасып, Совет әскеріне жаудың осы тұсынан соққы беру және шепті бұзып кіру туралы бұйрық берілген.

1943 жылдың қыркүйек айынан қараша айына дейін созылған кескілескен ұрыстың нәтижесінде Совет армиясы Днепр өзені арқылы жаудың шебін бұзып кіріп, Мелитополь қаласын кезең-кезеңімен азат ету шараларын жүргізген.

Аталған ұрыста Кеңес әскерінің шығыны неміс әскерінің шығынынан шамамен он есеге артық болған.

Осындай ұрыстардың бірінде М.Тілеуқабылов сол қолынан ауыр жараланып, бес айға жуық емделгеннен кейін соғысқа жарамсыз болуына байланысты елге қайтарылған.

1944 жылы елге оралған М.Тілеуқабылов Арал ауданының Ордженикидзе колхозында (Құмбазар ауылы) еңбек еткен.

Осы жылдары Қызылорда қаласына қарасты «Сұлутөбе» ауылында орналасқан ауыл шаруашылығын басқарудың үш айлық курсын оқып шығып, «Құмбазар» ауылындағы мал және егін шаруашылықтарында бригадир, басқа да қызметтер атқарған.

Соғыста және одан кейінгі жылдары бірнеше медальдармен, алғыс хат және грамоталармен марапатталған. Бірнеше рет ауылдық кеңес депутаты болып сайланған.

Ел үшін қызмет атқарған жылдары М.Тілеуқабыловтың халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарып, жетім-жесірлерге қол ұшын созған жақсы істері көз көрген қариялардың арасында әлі күнге дейін айтылып келеді.

1973 жылдың 22 қыркүйегінде науқастануына байланысты өмірден өткен.

М.Тілеуқабылов 5 ұл, 2 қыз өсіріп, тәрбиелеген және одан тараған ұрпақтары қазіргі уақытта облыс көлемінде түрлі қызметтер атқаруда. Жанқиярлықпен Отанын қорғап, ұрпағының бейбіт өмір сүруі үшін аталарымыздың жасаған ерліктері мәңгі жадымызда сақталады.

Еліміздің тәуелсіздігі мен бейбітшілігіміз мәңгі болып, ұрпағымыздың болашағы жарқын болсын.

Мейрамбек
МАХАНБЕТЖАНОВ,
Қармақшы ауданының прокуроры

БАБАЛАР ЕСІМІ АРДАҚТЫ

Өмірде талай қияли оқиғалар орын алады. Атап айтсақ, кешегі Ұлы Отан соғысы. Бұл біз үшін мәңгілік тарих. Ол біздің әкеміз бен аталарымыздың өз еркімен сұранып майдан шебіне аттанған қиын кезеңі.

Б а т ы р ағаларымыздың қанымен жазылған естеліктер қаншама. Ұлы Отан соғысы кезінде бейбіт өмірдегілерде адам айтса сеңгісіз күндерді басынан өткерді, аш, жалаңаш жүріп, қан майдандағы жауынгерлерге көмек қолын созды. Азық-түлік

әзірледі. Қолғап, шұлық тоқып майданға жөнелтті. М а й д а н - да шайқасқан, одан оралмаған б о з д а қ т а р д ы ң ұрпақтары бүгінгі күні өздері де елге аға боп жүр. Елін жаудан қорғаған а т а л а р ы м ы з д ы ң арқасында түніміз тыныш, күніміз бейбіт. Ал жастарымыз бақытты ғұмыр сүріп жатыр. Еліміздің тыныштығын қорғауда қазақ халқы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып басқыншыларға қарсы тұра білді. Ұлы Отан соғысының қатпарлы

парағына үңіле қарасақ қазақтардың қанды қырғында батырлық көрсеткеніне көзіміз жетеді. Қара бұлтты сейілтіп, күн шуағын сыйлаған ардагерлер қатары жылдан-жылға сиреп қалды. Арада қанша жыл өтсе де қан майданда "Отан үшін" деп алға ұмтылған қаһармандықпен ерен ерліктерінің үлгісін көрсеткен жауынгерлер есімі ешқашан ұмытылмайды.

Алладан ел т ы н ы ш т ы ғ ы н тілеуден тіліміз еш жаңылмасын!

Аралбай АЯҒАНҰЛЫ

● **Хабарландыру**

2025 жылдың 14 мамыр күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезекті XXXVIII сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібіне төмендегідей мәселелер ұсынылады:

1. 2024 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы;

2. 2024 жылға арналған қала, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы.

Сонымен қатар, сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық
мәслихатының аппараты

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ЖИНАЛЫСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

«Қ а з а қ с т а н Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-ХІІ Заңының 14-1-бабы, 1-тармағымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес Әйтеке би кентіндегі бірқатар атауы жоқ көшелерге атау беруге байланысты жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өткізілетіндігін хабарлаймыз. Күн тәртібінде:

-Әйтеке би кентіндегі атауы жоқ көшелерге, атап айтқанда Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7

атауы жоқ көшелерге, №2 кварталдағы Жеті Ишан көшесімен қиылысатын Құлмұрат Қуатов көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге, №2 кварталдағы Назархан Құлсейтов көшесімен қиылысатын атауы жоқ көшеге, №170 мектеп жанындағы ипотекалық үйлер маңайы атауы жоқ көшеге, 5 кварталдағы Қорқыт Ата көшесімен қиылысатын Қани Медетбаев көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге, 5 кварталдағы темір жол

жиегіндегі Айдарбек баба көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге, 5 кварталдағы Әзімжан Әліпбаев пен Жетес би көшесі аралығы аумағында орналасқан атауы жоқ көшеге атау беру туралы.

Өткізілетін жері: Әйтеке би кенті әкімдігінің ғимараты.

Қ о ғ а м д а с т ы қ т ы ң жиналысының өткізілетін уақыты 9 маусым, 2025 жыл, сағат 10-00

Әйтеке би кенті әкімінің
аппараты коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

● Құттықтаймыз!

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ

Егізбай Қаниұлы Медетбай Қазалы ауданының тумасы. 1955 жылдың 13 мамырында Қызылорда облысы, Жаңақазалы поселкесіндегі Қ.Сәтбаев атындағы №216 қазақ орта мектебінің түлегі. Жоғары білім алу-ды мақсат тұтқан жас 1973-1978 жылдары аралығында Алматы зооветеринариялық институтқа түсіп оқып, мамандық алды. Еңбек жолын 1978 жылы Құмжиек совхозында мал дәрігері болып бастады.

1988 жылдан бастап Қазалы ауданының шаруашылықтарында бас мал дәрігері қызметін атқарып, кейін Қазалы ауданындағы ветеринариялық станцияның дәрігер терапевт қызметіне ауысты.

1996 жылдан бастап Қазалы аудандық ветеринариялық зертханасының сараптама бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып, 2018 жылы мамыр айында зейнетке шықты. Қазіргі таңда «Сұңғат Егізбай» ЖШС-де директор болып жұмыс атқарады.

Жанұясында бір қыз, екі ұл өсіріп, ондаған немере сүйген өнегелі отбасы. Жұбайы Кенжеғұлова Гүлсім Жандаулетқызы 40 жыл медицина саласында қызмет атқарған, медицина саласының құрметті ардагері болған, 2020 жылы қапияда

дүниеден өтті. Қызы Медетбаева Айгүл Егізбайқызы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетін дәрігер хирург мамандығы бойынша аяқтап, «Қазалы көпбейінді аудандық ауруханасының» бас дәрігерінің

емдеу ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқаруда. Отбасылы, екі ұл тәрбиелеуде.

Ұлы Медетбаев Қайрат Егізбайұлы Алматы қаласындағы Қазақ Академиялық университетін заңгер мамандығымен аяқтаған, Қазалы орман және жануарлар-дықорғау мемлекеттік мекемесінің «Қызылқұм орманшылығының» басшысы қызметін атқаруда. Отбасылы, төрт ұл тәрбиелеуде. Үлкен немересі отбасылық династияны жалғастырып, медициналық университетті, екінші немересі заңгер мамандығын таңдап грант бөлімінде оқуда.

Ұлы Медетбаев Қанат Егізбайұлы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетін дәрігер хирург мамандығымен аяқтап, облыстық көпбейінді балалар ауруханасында «Нейрохирурия, травматология, ортопедия» бөлімінің басшысы қызметін атқарады.

Абыройлы қызмет атқарып, тәрбиелі ұл-қыз өсірген Егізбай Қанайұлын әріптестері 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтайды.

Егізбай Қаниұлына зор денсаулық, бақыт, әулетіне амандық тілейміз!

Қазалы аудандық ветеринария станциясының ұжымы

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

“Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-ХІІ Заңының 14-1-бабы 1-тармағымен бекітілген “Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес «Шәкен» ауылдық округі, «Шәкен» ау-

ылында атауы жоқ көшеге атау беруге байланысты жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өткізілетіндігін хабарлаймыз.

Күн тәртібінде:

- «Шәкен» ауылдық округі, «Шәкен» ауылында атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Өткізілетін жері: “Шәкен ауылдық округі әкімі аппараты” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Қоғамдастықтың өткізілетін уақыты 6 маусым, 2025 жыл, сағат 10-00.

“Шәкен ауылдық округі әкімі аппараты” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-ХІІ Заңының 14-1-бабының 1-тармағымен бекітілген “Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес Қазалы қаласындағы бірқатар атауы жоқ көшелерге атау беруге байланысты жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өткізілетіндігін хабарлаймыз.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

- Қазалы қаласындағы атауы жоқ Түктібаев көшесімен қиылысатын №1, Түктібаев көшесімен қиылысатын №2, Түктібаев

көшесімен қиылысатын №3, Түктібаев көшесімен қиылысатын №4, Түктібаев көшесімен қиылысатын №5 көшелерге атау беру туралы.

Өткізілетін жері: Қазалы қаласы әкімдігінің ғимараты.

Қоғамдастықтың жиналысының өткізілетін уақыты 10 маусым, 2025 жыл, сағат 11-00.

«Қазалы қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ОТТАН САҚ БОЛ!

Жазғы жел, аптап ыстық кезінде өрт қаупі арта түседі. Кішкене ғана ұшқын, сөндірілмеген күл-қоқыс, шылым қалдығы, кез келген жерде от немесе шырпы жағып, шылым тұтату орны толмас опық жегізуі мүмкін.

Тазалық жұмыстар кезінде күл-қоқысты өртегенде өте сақ болу керек. Оны күн тымық кезде, тұрғын үй құрылысынан қашық жерде өртеп, күлі сөнгенше қадағалап қасында тұру керек. Қайсыбіреулеріміз соны біле тұра көңілбөлмейміз. Тұрғындар аулаларынан шыққан күл-қоқыс, шөп қалдықтарын тазалау кезінде жоғарыда көрсетілген ережелерді сақтаулары керек.

Өрт шығу салдарына кішкентай балалардың шырпымен ойнауы,

ата-аналар тарапынан қадағалаудың жоқтығы да себеп болады, яғни, ауа-райының ыстық кезінде кішкентай балаларға көп көңіл бөліп, олардың шырпы, отпен ойнауына жол бермеу керек, себебі, оның арты өртке айналып, орны толмас өкінішке душар етеді.

Күн жылынып аяқ асты кеңіп шаруа қожалықтары мен қосалқы шаруашылықтарда жемшөп дайындау уақытыда таяп келеді,

Жаздың «Қара тастан май тамызған» ыстық күнінде кішкене ғана ұшқынның өзі орны толмас опық жегізуі мүмкін. Далада, егін басында болатын өрт көбіне сонда еңбек ететін адамдардың кінәсінен болады. Шылым тартқанда, от жаққанда сақтық жасамау, комбайнның, таркатордың,

автомашинаның түтін шығатын тұрыбасынан құрғақ шөпке от ұшқыны түсіру, міне, далада шығатын өрттерге себеп осылар болып табылады. Өрт адамдардың маңдай терімен, еңбегімен қолымен өндірілген байлықты жоқ етіп кетпесін десек, онымен алдын-ала күресу керек.

Сондықтан шаруа қожалықтары трактор машиналарын дайындау кезінде, шөп орағы кезінде әрбір шаруашылық басшылары мен шаруа қожалықтарының жетекшілері, ме-ханізаторлары мен жұмысшылары төмендегідей өрттен сақтану шараларын қатаң орындап отыру міндетім деп түсінуі керек.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.